«Бекітемін»:

КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай-балалар

Бақшасының меңгерушісі С.Сарсенғалиева

№ 1 педагогикалық кеңес шешімі:

«31» мамыр 2023ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі**

**Тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Ересек «Алтын сақа» тобы

2023-2024 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4-5 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:<u>Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.**Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), саптабір-бірденжүру,жүрудіжүгірумен үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың,бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу,<br>**Секіру.** Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру,2–3 метр қашықтыққа алғаұмтылыпқосаяқпенсекіру,бірорындатұрып,оңға,солғабұрылыпсекіру;<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу;допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру,Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажәнешеңбергетұру<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру,<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу,екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты ,дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыларын бекіту.Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:ақырын ,жылдам сөйлеуді меңгерту;<br>**Сөздікқор**:Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолдану мағыздылығын түсіну,заттардың атауларын,олардың бөліктері мен бөлшектерін,олар жасалған материалдарды белгілі,белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**:<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға,көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**;<br>Диалогтык сөйлеуді жетілдіру; әңгімеге қатысуға баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету:затты ,суретті өз бетінше қарап сипаттауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді,әңгімелерді тыңдауға,кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға,қысқа өлеңдерді,санамақтарды жатқа айтуға үйрету.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау,кейіпкерлерге жанашырлық таныту,ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1 рет)** | **Тілдік дамытушы орта**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеулің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық |

| | | |
|---|---|---|
| | | айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдердің граматикалық құрлымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын:** әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>**Сан, санау:** 5 –ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту,реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету<br>**Шама:**Заттаршамасы бойынша әртүрлі болатындығыжайлы түсінік беру**.**Ұзындығы және ені ,биіктігі бойынша екі затты салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;<br>**Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа,оңға-солға,жоғары –төмен)<br>**Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері**(**таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері ұғымдарын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді,олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, ойыншықтарға,сәндік қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Заттардың пішіні:дөңгелек,шаршы бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерін беру.<br>Дөңгелек,шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «Қошқар мүйіз», «Ирек» суретін салу,элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>Балалардың гүлдер,қоршаған заттар мен табиғат обьектілерінің түстері мен реңктермен таныстыру.<br>Сурет салуда еңкеймей,арқаны тік ұстап,дұрыс еркін отыруға,жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып,бейнелерді мүсіндеу,әртүрлі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып,заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу.<br>Мүсіндеуде қысу,тарту,басу әдістерін қолдану.Кескішті қолдануды үйрету.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты,шығармашылық қабілетті,қиялды дамыту.<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызық бойымен алдымен қысқа жолақтарды қиюды үйрету.<br>Дайын пішіндерден жануарлар,құстар,гүлдердің пішіндерін қию және қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып,ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды,ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан, «лего» конструкторларданқұрастыру**.Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау,ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою,құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қағазданқұрастыру**.Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, бұрыштарын және қырларын біріктіруді үйрету.<br>**Табиғи,қалдықматериалдарданқұрастыру**.Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен,тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.Табиғи(мақта,асық,дән түрлері) және қалдық(қақпақ түрлері,кір қыстырғыш) заттардан құрастыру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Музыка**<br>(аптасына 2рет) | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру,оны тыңдауға ынталандыру,музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>**Музыкатыңдау**.Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармалады алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>**Әнайту**.Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әнді созып,қимылдармен үйлестіре айтуды қалыптастыру(ре-си октава шегінде)<br>**Музыкалық –ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>**Балалармузыкалықаспаптардытанужәнеатау**.**Билер**.Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату.<br>Жеңіл,ырғақпен қозғалу;жұппен би қимылдарын орындау; билерде |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойындағы музыкалық қимылдары қолдану. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала ,оның отбасы,үй.**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.Баланы өсіп жетілген ересек бала ретінде қабылдау,оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеу.Отбасы туралы,отбасынынң мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. **Заттықәлем**.Балаларды заттық әлеммен таныстыру, және әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары,олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру.<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбеккебаулу.**Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу,берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру:бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білу,оны жақсы орындау.Топта кезекшілік міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету:нан салғыштарды,кружкаларды,тәрелкелер мен майлықтарды,ас құралдарын»қасықтар(ретімен қою.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды адамгершілікке,өзара көмек беруге,ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу.<br>**Менің Отаным –Қазақстан.**<br>Отанымыз-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br>**Жолдажүруережелері**.<br>Көлік түрлері,жол бөліктері(тротуар,жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары,велосипедке арналған жол,бағдаршам белгілері,жол жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары**.Табиғат құбылыстары туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұғымдарын(жел,жаңбыр,тұман,) кеңейту.Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау(жел соғып тұр,жапырақтар түсті),соған сай киіну.<br>**Өсімдіктерәлемі**.Өсімдіктер,оларға күтім жасау(жерді қопсыту,суру,жапырақтардың шаңын сүрту) тураы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері(мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы,коректенуі,адамға пайдасы),оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңіту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындардағы міне-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңіту. Қоғамдық көліктегі міне-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. |

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:<u>Қазан айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру:** жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>**Жүгіру**: түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: екпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу,гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу<br>**Секіру:** бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу:** допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан)<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен |

| | | |
|---|---|---|
| | | бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Велосипед тебу:**екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше |

| | | |
|---|---|---|
| | | сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Артикульяциялық аппаратты жетілдіру .Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Сөздікқор**:Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту,аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен,еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде,сан есімдерді ретімен атауға үйрету.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**; Диалогтык сөйлеуді жетілдіру:диалогке қатысуы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс ,толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде |

| | | |
|---|---|---|
| | | бейнеленген суреттерді,бұйымдары бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға,көркем сөзге,кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға,шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды,өлеңдерді жаттауда әртүрлі интонацияларды қолдануды үйрету.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау,мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдердің граматикалық құрлымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік** | **Математика негіздері** | **Жиын:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| **дағдыларды дамыту.** | | **Сан, санау:** теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру,"Қанша болды?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету; **Шама:** биіктігі және жуандығы бойынша екі затты салыстыру; **Геометриялық пішіндер:** геометриялық фигураларды (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету; геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастыру. **Кеңістікте бағдарлау:** . Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдысын дамыту **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері**(**таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері ұғымдарын қалыптастыру. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні:сопақ,тікбұрыш,ұшбұрыш бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерін беру.Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету:ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. Сопақ,ұшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «Құсқанаты», «Қызғалдақ» суретін салу,элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.Қоңыр,қызғылт сары,ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру(қажетті түстерді шығару үшін бояуларды араластыру) Сурет салуда еңкеймей,арқаны тік ұстап,дұрыс еркін отыруға,жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу |
| | **Мүсіндеу** | Жайылған пішіннің жиектерін ию,жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қысу,тарту,басу әдістерін қолдану.Кескішті қолдануды үйрету.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | Текшеден дөңгелек пішінін,тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға ,бұл тәсілді жемістерді,көгөністерді қиюда қолдану.Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Геометриялық пішіндерден әзірленген ою- өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынан, «лего» конструкторларданқұрастыру**.Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше,пластина,кірпіш,блок) және атау.Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау,ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою,құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қағазданқұрастыру**.Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын шиыршықтап желімдеу,бөлшектерді өзара желімдеп,композиция құрастыру.<br>**Табиғи,қалдықматериалдарданқұрастыру**.Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен(ертұрман,әшекей бұйымдары),тұрмыстық заттарымен (күбі,мес ,келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.Табиғи(жүн,жіп) және қалдық(қораптар,кір қыстырғыш) заттардан құрастыру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Музыка**(аптасына 2рет) | **Музыка тыңдау:**Музыканың сипатын сезінуге үйрету,таныс шығармаларды білу.<br>**Ән айту:** дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы ән орынд<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** музыканың қимылдық сипатына |

| | | |
|---|---|---|
| | | қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Билер:** музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала ,оның отбасы,үй.**<br>Баланың өсуі мен дамуы,өткені,бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру.(Мен кішкентай болдым,мен өсіп келемін,ересек боламын) **Заттықәлем**.Көлік түрлерінің қолданысын(әуе,су,жерде жүретін көліктер) ажырата білу,оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы(жедел жәрдем,өрт сөндіру машинасы)білу.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбеккебаулу.**Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау:бөлме өсімдіктеріне күтім жасау,оларды суару,жапырақтарды жинау,ауладағы гүлдерді суару.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтармен бөлісуге,айналада болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп,өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.<br>**Менің Отаным –Қазақстан.**<br>Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.Мемлекеттік рәміздерге(ту,елтаңба,әнұран)құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жолдажүруережелері**<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы»жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Өлітабиғатқұбылыстарымензаттары**.Бақылау күнтізбесінде ауа |

| | | |
|---|---|---|
| | | райын белгілеу(суық,жылы,күн шуақты,жаңбыр жауды, жел соқты)соған сай киіну.<br>**Өсімдіктерәлемі**. Бақылау,эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін,өсімдік тұтастығының мәнін,олардың өсуі үшін жер,топырақ,су,ылғал,жылудың қажеттілігін анықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**Жабайы аңдар,олардың сыртқы түрі,қозғалуы,тіршілік ету ортасы,азығы туралы ұғымдарын байыту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым –қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру;амандасу,қоштасудың қажеттілігі туралы еске салу,ересектердің әңгімесіне араласпау,өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. |

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:<u>Қараша айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| **Даму дағдылары** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру:** өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру;<br>**Жүгіру:** 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>**Секіру:**4-5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 сантиметр) секіру, 20-25 сантиметр биіктіктен секіру, орыннан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу:** допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу ( қатарынан 3-4 рет)<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру; екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың |

| | | |
|---|---|---|
| | | бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Велосипед тебу:** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| **Коммуника тивтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты,дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту,ұяң және үнді(р,з) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.Артикульляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту,тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын,олардың бөліктері мен бөлшектерін,олар жасалған материалдарды,материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру:әңгімеге қатысуға баулу,диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс , толық жауап берге баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды,ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға ,автор сөздерін айту,кейіпкерлердің мінезін беру,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді,ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын,соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей кезекпен сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикульяциялық және дауыс аппаратын ,сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө,қ,ұ,ү,ғ,і дыбыстарын жеке ,сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Туыстық қарым-қатынасты( сіңлі, жеңге, жезде,нағашы,жиен,бөле) білдіретін сөздерді үйрету.Өзінің отбасы,отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар,салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Ойыншықтармен заттардың 4-5 сөйлеммен сипаттауға,берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын:**Балаларға жиын,оның әртүрлі түстегі, пішіндегі ,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең |

| | | |
|---|---|---|
| | | еместігін анықтай білуді меңгерту.<br>**Сан,санау:** Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болады?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**Шама:**Биіктігі бойынша екі затты салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық фигураларды(дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді ( куб) танып,атай білуге үйрету,геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.<br>**Кеңістікте бағдарлау**: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу,(алға-артқа,оңға-солға,жоғары—төмен),заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту.(менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәуліктің бөліктері( таңертең, күндіз,кеш ,түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемділігіне,қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына , киіз үйге және оның жабдықтарына , тұрмыстық заттарға , ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элеметтерін: «құс қанаты», «бүршік» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсінделген заттың ,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Ұсақ элементтерді ересектердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | көмегімен желімдеу,алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеуді меңгерту.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен , киіз үй ,оның жабдықтарымен ,сандық,кебежемен,қоржынмен таныстыру. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан, «лего»конструкторлардан құрастыру**:Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату( текше ,пластина,кірпіш ,блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>**Қағаздан құрастыру:**Қағаздан құрастыруға үйрету:қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап,ілмекке айналдыра білуін дамыту.<br>**Табиғи ,қалдық материалдардан құрастыру**:Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**:Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету( ақырын,қатты, баяу,жылдам),жоғары дыбыстарды ажырату(секста,септима, шегінде жоғары, төмен)<br>**Ән айту**: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**:Музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**:Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сылдырмақтарды қолдану,қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау.<br>**Билер**:Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының .билердің атауларын есте сақтауын дамыту. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала ,оның отбасы,үйі:**Баланы өсіп жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру,келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үйрету.<br>**Заттық әлем**:Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдауы туралы түсініктерін кеңейту.Қозғалыс ортасын ескере отырып,көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу**.Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау,оларды суару, жапырақтарды жинау,қыстайтын құстарды қоректендіру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Қайырымдылыққа ,мейірімділікке және әділдікке , ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным-Қазақстан**.<br>Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері**.<br>Көлік түрлері,жол бөліктері(тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары,велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері,жолда жүру ережелері ттуралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер , оларға күтім жасау( жерді қопсыту,суару жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері( мінездегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Балалардың жалпы қабылдаған мінез—құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. |

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:<u>желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру**: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру;<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары:** сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.<br>**Жүгіру:** аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру:** бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру;<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу:** заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру |

| | | |
|---|---|---|
| | | (3,5-6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанға (2-2,5 метр қашықтықтан), 15 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Шанамен сырғанау:** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>**Шаңғымен жүру:**шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға |

| | | |
|---|---|---|
| | | ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуника тивтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Сөйлеу қарқынын өзгеруді бекіту:ақырын,жылдам сөйлеуді меңгеру үшін тақпақтармен жаңылтпаштарды айтқызу.<br>**Сөздік қор**.Баланың сөздік қорын айналысындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру<br>**Байланыстырып сөйлеу**.<br>Балаларды әңгіме айтыға үйрету:затты,суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнатуға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын»интонация,ым-ишара,қимыл) қолдануға,еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатігез-мейірімді,аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта**. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен-кезек сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонетикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке , сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздікқор**.Шағын өлең,санамақтар,жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес»шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Бұрынан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі , өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан,санау:**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау.<br>**Шама**:Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып,салыстыруды пысықтау.<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды(дөңгелек,үшбұрыш,төртбұрыш) және денелерді (куб,шар,цилиндр) танып, атай білуге үйрету,геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау.<br>**Кеңістікте бағдардарлау**:Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа,оңға –солға,жоғары-төмен ),заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту( менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау**:Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кещ,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін, «бүгін», «кешке», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашы лық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды,сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді жетілдіру. |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету.Көлемді пішіендермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде |

| | | |
|---|---|---|
| | | қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. |
| | **Жапсыру** | Геометриялық пішіндерден,өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып,тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторларынан құрастыру**: Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру<br>**Қағаздан құрастыру:** Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету.<br>**Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.(ақырын, қатты, баяу,жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату(секста,саптима, шегінде жоғары,төмен), әндерді иллстрацияларды көрсетумен және қимылдарды сүйемелдеумен үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындау,қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүгіруді орындату.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап асатаяқты қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау.<br>**Билер:**Би қимылдарының , билердің атауларын есте сақтау.Жеңіл және ырғақпен қозғалу. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала,оның отбасы және үйі:**<br>Баланың өсуімен және дамуы,өткені, бүгінімен болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру( мен кішкентай болдым, өсіп келемін,ересек боламын)<br>**Заттық әлем:**<br>Көлік түрлерінің қолданысын(әуе,су,жерде жүретін көліктер) ажырата білуін ұйымдастыру.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**:<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке,ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным-Қазақстан**.<br>Мемлекеттік рәміздерге( ту,елтаңба, әнұран) құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері:**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:ойын, ойын жабдықтарын пайдалану.<br>**Өлі табиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу(суық, жылы,күн шуақты,қар,жаңбыр жауды,жел соқты), соған байланысты киіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**: |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделу туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста құстарды қоректендірудің қажеттілігін ұғындыру.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындардағы мінез- құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту.Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. |

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:<u>Қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді** | **Дене шынықтыру** | **Жүру:** жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және |

| | | |
|---|---|---|
| **дамыту** | **(аптасына 3 рет)** | қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>**Жүгіру**: түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: екпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.<br>**Секіру:** бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу:** допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан)<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Шанамен сырғанау:** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>**Шаңғымен жүру:** шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу |

| | | |
|---|---|---|
| | | жолдарын шынықтыру. |
| **Коммуника тивтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту;ақырын,жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаштар мен тақпақтар айтқызу.<br>**Сөздік қор**:Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:Сан есімдерді ретімен атауға,олардың зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**.Балаларды әңгіме айтуға үйрету.Түрлі балалар әрекетінде бейнеленген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,образдарды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын(интонация,ым-ишара,қимыл) қолдануға,еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көөрсетуге(қатігез-мейірімді,аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта:**Бейнелеу құралдарын пайдалана отырып,еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын ,сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді да<br>мыту.Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөздің ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру «қойшы», «жылқышы», «түйеші»,«сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Үлгі бойынша жай,жайылма сөйлемдерді құра білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылғған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын.**<br>Жиын ,оның әртүрлі түстегі,пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту.<br>**Сан, санау:**5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. Реттік сан есімдерді атау.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.<br>**Шама**:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру,жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету.<br>Геометриялық пішіндер:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауға меңгерту.(жоғары-төмен,қалың-жұқа)<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа,оңға-солға,жоғары-төмен),заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау.(менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау**:<br>Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш ,түн) олардың сипаттамаларың ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашы лық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін** | **Сурет салу** | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға,көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету,заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды |

| | | |
|---|---|---|
| **дамыту.** | | бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру. |
| | **Мүсіндеу** | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру,ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан,«лего» конструкторлардан құрастыру:**Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап,ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.<br>**Қағаздан құрастыру:**Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру,желімдеу,бөлшектерді өзара желімдеп ,композиция құрастыруды үйрету.<br>**Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру:**Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен( ер-тұрман,әшекей бұйымдары),тұрмыстық заттармен(диірмен) таныстыру,олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету(ақырын,қатты баяу,жылдам<br>**Ән айту:**<br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешінің көмегімен)<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді меңгеру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді орындауға мүмкіндік беру.<br>**Билер**: Жұппен би қимылдарын орындауды, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала,оның отбасы,үйі:**<br>Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру( мектепке баруға ынтасын ,қызығушылығын арттыру)<br>**Заттық әлем**: Көлік түрлерінің қолданысын(әуе, су, жерде жүретін көліктер)ажырата білу,оның түрлері және қолдануы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**:Жақындарының мамандықтарымен таныстыру,олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**.<br>Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге,ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>**Менің Отаным-Қазақстан.**<br>Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын(жел,жаңбыр, тұман, қар,бұршақ,кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі**.Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі мауысымға тән көріністерді қыста-құстарды коректендірудің қажеттілігін түсіндіру . |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жабайы аңдар ,олардың сыртқы түрі қозғалуы ,тіршілік ету ортасы ,азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету**.<br>Ересектердің әңгімесіне араласпау , өз өтінішін сыпайы түрде білдіру ,көрсеткен қызымет үшін алғыс айтуды қалыптастыру. |

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **<u>Ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру**: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру; **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары:** сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. **Жүгіру:** аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; **Еңбектеу, өрмелеу:** 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; **Секіру:** бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; **Лақтыру, домалату, қағып алу:** заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5-6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанға (2-2,5 метр қашықтықтан), 15 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, |

| | | |
|---|---|---|
| | | шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Шанамен сырғанау:** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>**Шаңғымен жүру:**шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| **Коммуника тивтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылыуын жалғастыру.<br>**Сөздік қор**:Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді,етістіктерді, есімдіктерді қолдануын пысықтау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Сан есімдерді ретімен атауға, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**.Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың ,ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың кітапханадағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып,ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді,әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға,көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып,еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын ,сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке , сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Кітаптан ертегілер мен көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Үлгі бойынша жай,жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын**:<br>Жиын,оның әртүрлі түстегі,пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>**Сан,санау**:Сандарды реті бойынша атауға «нешінші ?» сұрағына жауап беруге және қоытынды санды атауға, «барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Шама**:Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа,енді енсіз,бік- |

| | | |
|---|---|---|
| | | аласа,жуан-жіңішке сын есімдерімен белгілеуді жалғастыруды үйрету.<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды жетілдіру(ұзындығы,ені,биіктігі ,қалыңдығы бойынша тең)<br>**Кеңістікті бағдарлау**:Кеңістік бағытын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа,оңға –солға,жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөдермен белгілеуді дамыту(менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау**.<br>Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктерімен реттіліктері , «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашы лық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | «Қызғалдақ», «Қошқар мүйіз», «Қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды,қылқаламды үстінен баса отырып,жуан сызықтарды ,ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға,көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композиция лар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйретуді жалғастыру. |
| | **Жапсыру** | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты , шығармашылық қабілетті,қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан , «лего» конструкторлардан құрастыру**: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту,құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндетті бөлісуді |

| | | |
|---|---|---|
| | | дамыту.<br>**Қағаздан құрастыру**.<br>Қағаздан бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композиция құратыруды үйрету.<br>**Табиғи, қалдық материалдан құрастыру**:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттармен (тостаған,ожау,астау) таныстыру,олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**:Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.(ақырын, қатты ,баяу,жылдам)<br>**Ән айту**:Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.(тәрбиешінің көмегімен)<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың көңілді ,ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс<br>әндерді сахналауға баулу.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**:Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап барабан қолдану,қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау.<br>**Билер**:Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүруін дамыту. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала,оның отбасы,үйі**:Өзінің атын,тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету<br>**Заттық әлем**:Телефон,компьютер ,теледидардың қолдануы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қалыптастыру.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**.<br>Айналаны қоршаған заттар,ойыншықтар- адамдардың еңбегімен |

| | | |
|---|---|---|
| | | жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге , ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>**Менің Отаным-Қазақстан.**<br>Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жолдажүруережелері**:Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» дол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу(суық,жылы,күн шуақты,қар, жаңбыр жауды, жел соқты),соған сәйкес киінуін жетілдіру.<br>**Өсімдіктерәлемі**.Өсімдіктердің даму кезеңдері( тұқым,көшет,сабақ,жапырақ,<br>гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі**.Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды:азық,су,жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгерту(электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау,баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау). |

**Білім беру ұйымы:** **«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы**
**Топ: «Алтын сақа» тобы**
**Балалардың жасы:** **4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі:Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру:** өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру; **Жүгіру:** 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. **Еңбектеу, өрмелеу:** 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. **Секіру:**4-5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 сантиметр) секіру, 20-25 сантиметр биіктіктен секіру, орыннан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. **Лақтыру, домалату, қағып алу:** допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу ( қатарынан 3-4 рет) **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру; екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Велосипед тебу:** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністер мен жемістердің, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>**Сөздік қор**.<br>Балалардың қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлерімен таныстыру.қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», |

| | | |
|---|---|---|
| | | «сыбаға»,ас қайыру, бата беру,қонақты шығарып салу дәстүлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға ,дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдердің сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>**Байланыстылып сөйлеу.**<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Шешендікке,сөз өнеріне баулу,халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі әңгіме құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта**<br>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппараттарын , сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө,қ,ұ,ү,ғ,ң,і дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды , үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік** | **Математика негіздері** | **Жиын**: Жиын, оның әртүрлі түстегі , пішіндергі өлшемдегі заттардан тұратындағы туралы түсінік беру ,заттарды жұппен қою арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| **дағдыларды дамыту.** | | оларды санамай –ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мумкіндіктер беру.<br>**Сан ,санау**:<br>Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға, «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама**:<br>Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:**сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту.(ұзындау-қысқалау,кеңдеу –тарлау)<br>**Кеңістікті бағдарлау**:Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу( алға-артқа,оңға-солға,жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру.(менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау**:Тәулік бөліктері(таңертең ,күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктерімен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «Құс тұмсық», «Бота мойын», «Ботакөз» элементтердің орналасу ретін , олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.Дайын мүсінді дөңгелек,сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру. |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының сәндік –қолданбалы өнерімен , киіз үй ,оның жабдықтарымен ,сандық, кебеже,қоржынмен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан, «лего»конструкторлардан құрастыру**:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу,дайын құрылысты талдауды үйрету.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту.<br>**Табиғи ,қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен( киіз, үйдің жабдықтары,әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттармен (күбі, мес,келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**:Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу( тәрбиешінің көмегімен).Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші октава, шегінде)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:Музыканың көңілді ,ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану,қарапайым әуендерді ойнауын дамыту.<br>**Билер:**<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойымен айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала,оның отбасы,үйі**:Өзінің атын,тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Заттық әлем**:Қоршаған орта заттары , олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру. **Еңбекке баулу**. Ауылшаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қала мен ауылдың байланысы), диханның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық түлік өнімдеріне ұқыпты карауға тәрбиелеу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным-Қазақстан.**<br>Отанымыз- Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтағба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жолдажүруережелері**:Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Ауа-райынымен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа-райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>**Өсімдіктерәлемі**.Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар мен ағаштар (бақша, орман).<br>**Жануарлар әлемі**.Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:көктемде көбелектер,қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі,олардың сайрауы,шықылықтауы,шиқылдауы,ұя салуы, балапан шығаруы. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Балаларда мінез-құлық мәдениетімен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру: амандасу, қоштасудың қажеттілігі туралы еске салу. |

**Білім беру ұйымы:** **<u>«Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы</u>**
**Топ:** **<u>«Алтын сақа» тобы</u>**
**Балалардың жасы:** **<u>4 жас</u>**
**Жоспардың құрылу кезеңі:<u>Сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы</u>**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттерді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Жүру:** жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>**Жүгіру**: түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: екпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу, гимнастикалық қабырғаға |

| | | |
|---|---|---|
| | | жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу<br>**Секіру:** бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу:** допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан)<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>**Велосипед тебу:**екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын |

| | | |
|---|---|---|
| | | ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Фонематикалық естуді дамыту;белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар,жиһаздар,киімдер),заттардың орналасқан жерін(оң,сол,қатар, жанында ,арасында ),тұрмыстық электротехника атауларын білдіретін заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Етістіктерді бұйрық раймен қолдана білуге үйрету.(отыр,тұр,жүр)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға,қысқа өлеңдерді,санамақтарды жатқа айтуға,шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды,өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды,үзінділерді, логикалық екпінді қолданып,оларды есте сақтауға , шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта**<br>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**Кітаптан ертегілер,көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.<br>Бір-бірімен еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын:**<br>Балаларға жиынның әртүрлі түстегі, пішіндергі өлшемдегі заттардан тұратыңдағы туралы түсінік беру ,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай -ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мүмкіндіктер беру.<br>**Сан,санау**: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға, «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама**:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Ұзындығы , ені және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру.<br>**Геомертиялық пішіндер**.<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек,үшбұрыш,төртбұрыш) және денелер(куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету,геомертиялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуді сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұзындығы,ені,биіктігі, қалыңдығы бойынша тең )дамыту.<br>**Кеңістікте бағдарлау**:<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу( алға-артқа,оңға-солға,жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру.(менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау**:Тәулік бөліктері(таңертең ,күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктерімен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Балалардың гүлдер,қоршаған заттар мен табиғат обьектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту,Қоңыр,қызғылт сары,ашық жасыл реңктер мен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру.( қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуде қысу,тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету,оның көмегімен жаслған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру,ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | Элементтердің ретін,олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық-ою-өрнекті қолданып,тұрмыстық заттарды , ыдыстарды безендіру. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан , «лего» конструкторлардан құрастыру**.Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасыуын айқындау.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>«Оригами» үлгісі бойынша қарапйым пішіндер құрастыруға ынталандыру.<br>**Табиғи ,қалдық материалдардан құрастыру**: Табиғи(мақта, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүн,жіп,асық, қағаз, тері,кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық( қақпақтың түрлері,пластик,қораптар, кір қыстырғаштар) заттардан құрастыруды үйрету. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**:Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу( тәрбиешінің көмегімен).Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әндә созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші октава, шегінде)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**:Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап металлофонды қолдану,қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру.<br>**Билер**:Музыканың көңілді ,ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала,оның отбасы,үйі:**<br>Өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге ,өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.Отбасылық мерекелер,салт-дәстүлер туралы әңгімелеу<br>**Заттық әлем:**Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру.<br>Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау,оларды суару.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**<br>Балларды адамгершілікке , өзара көмек беруге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Менің Отаным-Қазақстан**.<br>Отанымыз –Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br>**Жолда жүру ережелері**.<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Ауа-райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер ,оларға күтім жасау(жерді қопсыту,суару, жапырақтардың шаңын сүрту)туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:көктемде көбелектер,қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі,олардың сайрауы,шықылықтауы,шиқылдауы,ұя салуы, балапан шығаруы.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез- құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал етуі**.Қоршаған ортада, табиғатта қарапйым тәртіп ережелін білу( қоқыс тастамау,өздігінен от жақпау). |

**Білім беру ұйымы: «Алтын кілт» бөбекжай- балалар бақшасы**
**Топ: «Алтын сақа» тобы**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі:Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы**

| Даму дағдылары | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Физикалыққасиеттер ді дамыту** | **Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.**Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), саптабір-бірденжүру,жүрудіжүгірумен үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың,бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу,<br>**Секіру.** Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру,2–3 метр қашықтыққа алғаұмтылыпқосаяқпенсекіру,бірорындатұрып,оңға,солғабұрылыпсекіру ;<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу;допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру,Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажәнешеңбергетұру<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру,<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу,екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту,ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру;белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар,жиһаздар,киімдер),заттардың орналасқан жерін(оң,сол,қатар, жанында ,арасында ,тұрмыстық электротехника атауларын білдіретін заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға,көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Шешендікке,сөз өнеріне баулу,халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар,ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауды үйрету. |
| | **Қазақ тілі (аптасына 1)** | **Тілдік дамытушы орта**<br>Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Үлгі бойынша жай,жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.Өз ойын |

| | | |
|---|---|---|
| | | және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырыпсөйлеу**.Бір-біріне неге,не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға,бір-бірімен еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | **Математика негіздері** | **Жиын**: Жиын, оның әртүрлі түстегі , пішіндергі өлшемдегі заттардан тұратындағы туралы түсінік беру ,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай –ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мумкіндіктер беру.<br>**Сан ,санау**:<br>«Қанша болды?», «Қаншасы қалды ?» сұрағына жауап беруге үйрету.5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама**:Ұзындығы,ені және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып ,жуандығы бойынша заттарды салыстыруға машықтандыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** Баллардың геометриялық фигураларды (дөңгелек,үшбұрыш,төртбұрыш) және денелер(куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету,геомертиялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуді сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды қалыптастыру(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі, қалыңдығы бойынша тең ).<br>**Кеңістікте бағдарлау**:<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу( алға-артқа,оңға-солға,жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру.(менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр)<br>**Уақытты бағдарлау**:Тәулік бөліктері(таңертең ,күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктерімен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.** | **Сурет салу** | Заттардың пішіні :дөңгелек,сопақша, шаршы,тіктөртбұрыш, үшбұрыш ,көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету:ағаш биік,бұта ағаштан |

| | | |
|---|---|---|
| | | аласа,гүл бұтадан аласа.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау,2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсінделген заттың , фигуралардың бетін тегістеуді үйрету.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| | **Жапсыру** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан , «лего» конструкторлардан құрастыру.**Орналастырутәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру,құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату және атау,оларды сапасы , көлемі мен пішіні бойынша таңдау,өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау дағдысын дамыту.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру.<br>**Табиғи ,қалдық материалдардан құрастыру**: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік |

| | | |
|---|---|---|
| | | беру.Ұқыптылққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**:жоғары дыбыстарды ажырату(секста,септима, шегінде жоғары, төмен).Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу дағдысын бекіту.<br>**Ән айту**: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**: Музыканың көңілді ,ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруін бекіту.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**Музыкалық аспаптарды тану және атауды.Ағаш қасықтармен ,сылдырмақтармен,асатаяқ,домбыра, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнауды бекіту.<br>**Билер**:Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**. | **Қоршаған ортамен таныстыру.** | **Бала ,оның отбасы,үйі:**Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары ,отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру.<br>**Заттық әлем**: Телефон,компьютер ,теледидардың қолдануы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қалыптастыру.Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып,көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**.Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау,оларды суару, ауладағы гүлдерді суару.Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар- |

| | | |
|---|---|---|
| | | адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру,оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп ,себебін анықтауға ,әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету.<br>**Менің Отаным-Қазақстан**.Отан қорғаушылар ,Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері**.<br>Сюжеттік-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Ойын,еңбек, эксперимент барысында құм, су,тас, саздың қасиеттерін анықтау дағдысын бекіту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту:жемістер ,көкөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталар және ағаштар (бақша,орман).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Құстардың көбеюін салыстыру,олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды :азық,су, жылу,жарық, мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау.<br>**Балалардың жалпы қабылдаған мінез—құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. |